

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 927 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 448 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 927 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 35, 482-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламада:

"8. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары " деген бөлімде :

"4. Ғылыми-техникалық әлеуетті әртараптандыру" деген кіші бөлімде: реттік нөмірі 4.7-жолдың 3-бағанындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі